

Кредиторлар талаптары тізілімінің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 590 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 29 тамызда № 35004 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 2-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған кредиторлар талаптары тізілімінің нысаны бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2024 жылғы 28 тамыздағы
№ 590 бұйрығымен
бекітілген
нысаны

Кредитор талаптарының тізілімі _____
_____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), борышкердің ЖСН)

				Қаржы басқарушыс ы қабылдаған шешімнің негізділігін			
	Т.А.Ә. (ол болған						

№	жағдайда)/ кредиторды ң атауы	Кредиторды ң ЖСН/БСН	Қойылған талаптарды ң сомасы (теңге)	растайтын құжаттар (атауы, күні, нөмірі), берешектің пай да болған күні	Танылған талаптар сомасы	Танылмаған талаптар сомасы	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Бірінші кезек						
1)	Өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу бойынша берешекті өндіріп алу жөніндегі талаптар						
	...						
	Барлығы:						
2)	Алимент өндіріп алу бойынша талаптар						
	...						
	Барлығы:						
	Бірінші кезек бойынша барлығы:						
2.	Екінші кезек						
1)	Салықтық берешек						
	...						
	Барлығы:						
2)	Кедендік төлемдер бойынша берешек						
	...						
	Барлығы:						
3)	Бюджетке төленетін басқа да міндетті						

	төлемдер бойынша берешек						
	...						
	Барлығы:						
4)	Сот шешімі бойынша өндіріліп алынатын, бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешек						
						
	Барлығы:						
	Екінші кезек бойынша барлығы:						
3.	Үшінші кезек						
1)	Кредиторлардың азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелер бойынша талаптары						
	...						
	Барлығы:						
	Кепілді кредитордың талаптары, мына: ол кепілге салынған мүлікті заттай қабылдаудан бастартқан; ол қаржы басқарушысының кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау туралы						

2)	<p>ұсынысына осындай ұсынысты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жауап ұсынбаған; ол кепілге салынған мүлікті заттай қабылдауға келіскен жағдайда, кепілге салынған мүлікті бағалауға және күтіп-ұстауға байланысты шығыстарды қаржы басқарушысына кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау туралы жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап бір ай ішінде өтемеген жағдайларда</p>						
	...						
	Барлығы:						
3)	<p>Мәмілені жарамсыз деп тану және мүлікті борышкердің мүліктік массасына</p>						

	қайтару туралы сот шешімі нәтижесінде туындайтын талаптар						
	...						
	Барлығы:						
	Үшінші кезек бойынша барлығы:						
4.	Төртінші кезек						
1)	Кредиторлардың шығындарды өтеу жөніндегі талаптары						
						
	Барлығы:						
2)	Кредиторлардың тұрақсыздық айыбын өндіріп алу жөніндегі талаптары (айыппұл, өсімпұл)						
						
	Барлығы:						
	Төртінші кезек бойынша барлығы:						
5.	Бесінші кезек						
1)	Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарының жобасын қарау кезінде берешекті қайта құрылымдау құралдарын						

	ың бірін ұсыну бойынша міндетін орындамаған кредиторлар талаптары						
	...						
	Барлығы:						
2)	Өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, алимент өндіріп алу туралы талаптарды қоспағанда, оларды ұсыну мерзімі өткеннен кейін мәлімделген талаптар						
	...						
	Барлығы:						
	Бесінші кезек бойынша барлығы:						
	Тізілім бойынша барлығы:						
6.	Тізілімнен шығарылған талаптар						
	...						
	Барлығы:						

Аббревиатураларды ашып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке-сәйкестендіру нөмірі;

Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК